**Бекітемін:** Мырзағалиева С
**Мектеп директорының оқу ісінің меңгерушісі**
***Жоспардың құрылу кезеңі:*** 21.11—25.11.2022ж

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы IV апта**

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі<br>21. 11. 2022 | Сейсенбі<br>22. 11. 2022 | Сәрсенбі<br>23. 11. 2022 | Бейсенбі<br>24. 11. 2022 | Жұма<br>25. 11. 2022 |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді пысықтау. Балалардың дене қызуын өлшеп, тазалығын тексеру.<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Педагог демалыс күндерін қалай өткізгендігі туралы сұрайды. | Ауа-райына байланысты балаларды киіндіруге кеңес беру. | Балаларды балабақшаға уақытылы әкелуді ескерту. | Ата-аналардан балалармен үйде қандай жұмыстарды бірлесе жасағандарын сұрау.. | Балаңызға қандай ертегі айтып бердіңіз? |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Үстел –үсті ойыны:** шығармашылық орталығы: сурет салу, | **Үстел үсті ойыны: «Домино»**<br>Логикалық ойлау қабілетін дамыту. | **Кітапханаға саяхат**<br>Кітап бұрышында қандай ертегі кітаптары бар екен? | **Үстел үсті ойындары.**<br>Мозайкамен жапырақтар құрастыру.Логикалық ойлауын дамыту. | **Үстел үсті ойындары.**<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Қараша айы ( 2 – комплекс ) ( III – IҮ апта )**<br>1. Бір тізбекте жүру, аяқ ұшымен өкшемен аяқтың ішкі қырымен жүру.<br>2. Тізені жоғары көтеріп жүгіру.<br>1. Звеноға бөлініп тұру.<br>2. Б.қ. өкшені қосып, аяқ ұшын ашып тұру, қолды белге ұстау, оңға қарай бір қадам жасау, қолды жанынан жоғары көтеру,б.қ. келу, осылай сол жақта қайталау, әр жақта 3-4 рет қайталау.<br>3. Б.қ. аяқ арасын алшақ ұстап қолды белде ұстап тұру.<br>4. Б.қ. өкшені қосып аяқ ұшын ашып тұру, қолды белде ұстау, отыру, қолды алда ұстау,б.қ. келу,6-8 рет қайталау.<br>5. Б.қ. аяқты қосып отыру, қолды артта ұстап тіреп отыру.<br>6. Б.қ. тізерлеп қолды белден ұстап тұру, кеудені бұру, оң қолмен сол өкшені ұстау, б.қ. келу, келесі жақта 3-4 рет қайталау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 7. Б.қ. шалқасынан жату, қолды бастан жоғары ұстау, оң аяқты көтеру аяқ ұшын тигізу сол жақта 8- рет қайталау.<br>Б.қ. қолды белде ұстап тұру. Бір аяқпен секіру екі аяқты алмастырып секіру, қос аяқтап секіру.<br>**(Физикалық қасиеттерді дамыту)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Өз орнына отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.<br>**Бата:**<br>Сұрасаң бата берейін,<br>Үстем болсын мерейің.<br>Ықыласпен қол жайсаң,<br>Ақ тілекті төгейін.<br>Дастарханым мол болсын,<br>Астарымыз көп болсын.<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдасты-рылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбер.**<br>Қуан, шаттан, алақай,<br>Қуанатын күн келді.<br>Күліп шықты күн бүгін,<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн! | **«Аяқпенен топ-топ-топ» (Музыка)**<br>Аяқпенен топ-топ-топ<br>Алқымменен қоп-қоп.<br>Бір оңға, бір солға,<br>Айналайық кел мұнда.<br>Қолымызды бір сілтеп,<br>Басымызды шайқайық. | **Тіл ұстарту жаттығуы**<br>Ін –ін –ін<br>Жерге шықты егін.<br>Ән –ән –ән, ұсақ сары дән.<br>Ай –ай –ай,<br>Өсті алтын бидай.<br>Ан ан-ан,<br>Міне ыстық нан. | **Тосын сәт:**<br>Теледидардан қыстап қалатын құстардың дыбыстарын шығару. | **Шаттық шеңбер.**<br>Жүрейікші жараса<br>Табиғатым тамаша.<br>Көз тоймайды<br>қараса Табиғатты аяла. |
| **Ұйымдасты-рылған іс-әрекеттер** | **Дидактикалық ойын:** «Дөңгелектер мен шарларды түсіне қарай топтастыр»<br>**Мақсаты:**<br>Дөңгелекпен шарды түстеріне қарай ажырата білуге жетілдіру.<br>**(Танымдық және** | **Қ Р- мемлекеттік рәміздері**<br>**Мақсаты:** Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету,<br>**(Әлеуметтік эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру**<br>**Қоршаған ортамен** | **Ақымақ қасқыр ертегісі.**<br>**Мақсаты:** Буындарға бөлу, буындардан сөздер құрастыруға үйрету.<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту, Сауат ашу негіздері )**<br>**Шарты:** балалар өздеріне ұнаған кейіпкердің | **Дидактикалық ойын: «Құстардың тіршілігі**<br>**Мақсаты:** жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажыратып, құстардың пайдасы туралы білу.<br>**(Әлеуметтік эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру** | **Дене шынықтыру**<br>(Пән жетекшісі жоспарымен)<br><br>**Пойыз ойыны**<br>**Мақсат:** Көрнекілік арқылы 6,7,8,9,10 сандарының пайда |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **зияткерлік дағдыларды дамыту, Математика негіздері)**<br>**Шарты:** Көңілді музыкамен балаларды әр топқа бөліп, түсіне қарай дөңгелектердің шарларды топтастырып жинату. Ойынға жақсы қатысқан балаларды мадақтау.<br><br>**«Ақымақ қасқыр ертегісі»**<br>**Мақсаты:** ертегінің видеосын балаларға көрсету арқылы кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Сөздерді буындарға бөлу.<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту, Көркем әдебиет, Сауат ашу егіздері )**<br>Бір аш қасқыр тамақ іздеп шығады. Жолда бір ешкіге кездеседі де мен сені жеуім керек дейді. Ешкі | **таныстыру)**<br>ҚР -ның Мемлекеттік туы<br>– ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Тудың сабының тұсында ұлттық өрнек тік жолақ түрінде нақышталған. Күн, оның шұғыласы, қыран және ұлттық өрнек бейнесі алтын түстес.<br>Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туының авторы – Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Шәкен Ниязбеков.<br>Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының авторлары – белгілі сәулетшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов.<br>ҚР Мемлекеттік гимні «Менің Қазақстаным» әні ретінде танымал болған. Әннің авторы Шәмші Қалдаяқов, сөзін жазғандар: Жұмекен Нәжімеденов | атрибурттарын кейіп рөлдерін дұрыс, анық сөздерін айтып ойнау. Ертегі кейіпкерлердің аттарын буындардан сөздер құрастырамыз. Қасқыр, ешкі, қой, ат.<br><br>**Дидактикалық ойын: «Оң және сол»**<br>**Мақсаты:** қозғалыс бағыттары сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа.<br>**(Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, Математика негіздері)**<br>**Шарты:** Бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Оң және сол қолдарындағы ойыншықтардың түсиерін айту. Айталмаған жағдайда ойыншық туралы тақпақтар айтып береді. Ойын осылай жалғаса береді Бәрекелді, жақсы балалар, | **Қоршаған ортамен таныстыру.)**<br>**Шарты:** Кубизм әдісі бойынша қолымдағы кубикті лақтырамын. Ал сендер бет жағына қарап түскен құстың атын атайсыңдар және оларға қандай көмек бересіңдер, соңы толық әңгімелеп береміз. Қыстап қалатын құстарды ретімен жүйелі түрде айтамыз. Сауысқан қарға, торғай, бүркіт, көгершін,<br>құс, қарлығаш, аққу, сөздерін анық 2-3 рет қайталату.<br>Құстар қанат қағады, Көкте самғап ұшады. Барлық құстар бірігіп, Шиқ –шиқ деп ән салады.<br><br>**Дидактикалық ойын «Сөзді жалғастыр»**<br>**Мақсаты:**<br>Әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. | болуымен таныстыру. олардың саны мен ретін анықтау.<br>**(Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, Математика негіздері)**<br>**Шарты:** балаларға әртүрлі сандар жапсырылады, сандардың ретімен бірінің артына бірі тіркеліп тұрып пойыз ойынның ойнату. Ойын қайталанады. Жақсы ойнаған балаларды мадақтау.<br>Бала 1 - 10 аралағында таңбаларды тани білу. Аталған санға байланысты қимыл жасап үйретемін. Мысалы шапалақтап санау, немесе түрлі санамақпен жаттатамын.<br>Бір дегенің – білім, Білім – жарық күнің. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жалынады,<br>-мені жегеннен саған пайда жоқ, көрмейсің бе, арықпын. Үйде семіз лағым бар, соны алып келіп берейін. Осылайша қасқыр ешкіден,қойдан , жылқыдан алданып ақымақ қасқыр атанады.<br>Жұмыс дәптерлеріне жазу. қас –қыр, еш –кі, қой, жыл –қы.<br><br>**Музыка** (пән жетекшісі жоспарымен) | **Дидактикалық ойын:** «Жасырынған суретті тап!»<br>«Мақсаты: .Балалардың сөздік қорын адамдардың қарым –қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. қ –дыбысынан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту Сөйлеуді дамыту)**<br>Шарты: Тәрбиешілер аңдардың суреттерінің қиындыларын балалардың алдына үлестіреді. Балалар осы суреттерге қарап отырып, аңдарды ажыратып, олардың қайда өмір сүретінің және аттарын дұрыс айтып құрастырады.<br>Қасқыр, қоян, қарсақ, қабан сөздеріндегі «Қ» дыбысын дұрыс айту. | тапсырманы өте жақсы орындадыңдар.<br><br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән қ- дыбысын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту қазақ тілі )**<br><br>**Музыка**<br>(пән жетекшісі жоспарымен) | **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту Сөйлеуді дамыту)**<br>**Шарты:** Әр балаға қағаздан қиылған қар түйіршектерін таратып береді.<br>Қолдарыңдағы әдемі қар түйіршіктеріне қарай отырып қардың қандай екендігі туралы сөздер ойлап көріңдер.<br>Қолдарындағы қар түйіршектеріне қарап отырып айтады.<br>-Қар ақ түсті.<br>-Қар әдемі.<br>-Қар суық. | Екі дегенің – еңбек,<br>Еңбек бәрін жеңбек.<br>Үш дегенің – үміт,<br>Үмітсіз жоқ жігіт.<br>Төрт дегенің – талап,<br>Талмайтұғын қанат.<br>Бес дегенің – бірлік,<br>Бірліксіз жоқ тірлік.<br>Алты дегенің – арман,<br>Атар таңың алдан.<br>Жеті дегенің – жігер,<br>Жетер жерің білер.<br>Сегіз дегенің – сенім,<br>Сүйенішің сенің.<br>Тоғыз дегенің – талғам,<br>Тура жолды салған.<br><br>**Ақымақ қасқыр ертегісі**.<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды ертегінің рөлдеріне бөліп ойнату, әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту.<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту,көркем** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін жапсыру.<br>**Сурет, Мүсіндеу, Жапсыру, Құрастыру.** | | | **әдебиет )**<br>**Шарты:** балалар өздеріне ұнаған кейіпкердің атрибурттарын кейіп рөлдерін дұрыс, анық сөздерін айтып ойнау. Ертегі кейіпкерлердің аттарын буындардан сөздер құрастырамыз. Қасқыр, ешкі, қой, ат.<br><br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:** Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді жетілдіру;<br>**Байланыстырып сөйлеу:** тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту қазақ тілі )** |
| **Серуенге** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дайындық** | Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру | | | | |
| **Серуен** | **№16 Кемпірқосақты бақылау.**<br>**Мақсаты:** Күз ерекшеліктерін түсіндіре отырып, жаңбырдан кейін аспанда әшкейленген кемпірқосақ шығатыны туралы түсінік беру. Түстерін ажыратып айту.<br>**Табиғаттағы еңбек:** Біздің аула<br>Мақсаты: Ауладағы ағаш бұтақтарын жинау Балаларды еңбек сүйгіштікке баулу.<br>**Қимылды ойын:** «Тышқан мен мысық».<br>Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.<br>***Жеке баламен жұмыс:***<br>Жұмбақ:<br>Алдым да әр түрінен<br>жібек жіптің ,<br>Аспанға әшекейлеп<br>Кесте тіктім.<br>(Кемпірқосақ)<br>**Дербес әрекет:**<br>Жаттығу ойындары: | **№17 Ауа-райын бақылау.**<br>**Мақсаты:** Күннің қанша градусқа төмендегенін бақылау. Күзгі табиғат құбылыстарын түсіндіру.<br>**Табиғаттағы еңбек:** Гүл тұқымдарын жинау.<br>Мақсаты: Гүлдің тұқымнан өсетінін түсіндіру, көктемде тұқымды гүлзарларға себетіндігіміз, тұқымнан гүл өсетіндігін түсіндіру.<br>**Қимылды ойын:** «Доппен ұрып алу».<br>Ойын барысы:Балалар дөңгеленіп тұрады. Тәрбиеші жүргізушіні таңдап алады да , допты береді. «Бір, екі , үш» дегенде балалар жанжаққа қашады. Жүргізуші доппен ұрады. Кімге тисе сол ойыннан шығады. | **№18. Көгершінді бақылау.**<br>**Мақсаты:** Балаларға көгершінің немен қоректенетіні, қайда мекендейтіні , тұмсығы дене пішіні түсі, қалай дыбыстайтынын үйретіп , оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**Табиғаттағы еңбек:** Ауладағы құстарға жем беру.<br>Мақсаты: Табиғатты аялай білуге , құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Ұстаушы, лентаны ал».<br>Ойын барысы: Ойнаушылар шеңбер жасап тұрады, ұстаушыны таңдап алады.Ұстаушыдан басқасы түсті матаның немесе лентаның қиындысын алады да, оны мойынынан айқара | **№19. Күзгі көріністі бақылау.**<br>**Мақсаты:** Күз ерекшеліктерін айыра білуге ; күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жаууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы еңбек:** Ойын алаңы.<br>Мақсаты: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау.Балаларды еңбексүйгіштікке баулу. Өз алаңдарын таза ұстауға үйрету.<br>**Қимылды ойын:** «Жүгіріп өтуге үлгер».<br>Ойын барысы: Тәрбиеші балалардың біреуімен жіптің екі ұшын (ұзындығы 3-4м.) ұстап, оны жүгіріп келе жатқан балалардың бағытына қарай жайлап айналдырады.Балалар бірінен соң бірі, жіп | **№20 .Күз мезгіліндегі адамдардың киім киісін бақылау.**<br>**Мақсаты:** Адамдардың неліктен күз мезгілінде жылырақ киінетіндігін балаларға айтып түсіндіру.<br>**Табиғаттағы еңбек:** Біздің ауламыз.<br>Мақсаты: Ауладағы түскен жапырақтарды жинауға балаларды тазалыққа, еңбекқорлыққа баулу.<br>**Қимылды ойын:** « Ортасына дейін кім бұрын жетеді?».<br>Ойын барысы: Екі қысқа жұмыр таяқ алынады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қозғалыстарын қалыптастыру. | **Жеке баламен жұмыс:** Сипап өткен самалға,<br>Тербеледі сары алма.<br>Көз салып едім бақшаға,<br>Қауын біткен сары ала.<br>Дидактикалық ойын: «Жемістер мен көкөністер».<br>Мақсаты: Жемістер мен көкөністерді ажырату. Олардың адам ағзасына тигізер пайдасын түсіндіру.<br>**Дербес әрекет:**<br>Жаттығу ойындары:<br>Доппен жаттығу.<br>**Мақсаты:** допты жоғары лақтырып, жерге соғу, екі қолмен қағып алуды үйренеді. | айналдыра байлайды. Ұстаушы шеңбердің ортасында тұрады.Тәрбиешінің «Жүгір» деген сигналы бойынша балалар бет-бетімен алаңға кетеді.Ұстаушы ойнаушылардың соңынан жүгіріп, біреуінің лентасын суырып алуға тырысады.Лентасынан айрылғандар уақытша бір жаққа шығып тұрады.Тәрбиешінің: «Бір, екі, үш, тездете шеңберге жүгір!» деген сигналы бойынша балалар шеңбер құрып тұрады. Ұстаушышы алынған лентарлардың санын есептеп, оны балаларға қайтып береді.Ойын жаңадан ұстаушы тағайындаудан басталып, қайталанады.<br>**Жеке баламен жұмыс:**<br>Жылы жаққа ұшпайтын<br>Біздің жақта қыстайтын<br>Құстар жүрсе жуықта, | жоғары көтерілген кезде жіптің астынан жүгіріп өтуге үлгеруі қажет. Тәрбиеші балалар қимылын реттеп отырады.Ол әрбір жүргізушіге: «Жүгір!» деген сигнал береді.Әрі қарай жіптің өтуге тырысуларықажет.<br><br>**Жеке баламен жұмыс:**<br>«Күз» өлеңі.<br>Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшелігін айтып, тақпақ жаттатқызып, сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Көрінеді шалғайдан,<br>Бел-белестер сарғайған.<br>Сары жапырақтар төгілген,<br>Тоғайды да көрдім мен.<br>**Дербес әрекет:**<br>1.Ортада доп<br>2.Әткеншек тебу<br>3.Қуаласпақ | Ұзындығы 8 м жіпті екі шынан байлайды.Оның қақ ортасына лентемен байлап белгілейді. Балалар таяқтарды алады да, бір-бірінен алшақтап, екі жаққа қарай жіпті таяққа орап, екі қолдарымен таяқты айналдыра бастайды да , алға қарай жылжиды. Жіпті лентаға дейін кім бұрын ораса , сол жеңген болып есептеледі.<br><br>**Жеке баламен жұмыс:** Күзгі киім атауларын үш тілде үйрету.<br>**Дербес әрекет:**<br>Велосипед, самокат тебу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Жем шашуды ұмытпа!<br>**Дербес әрекет:**<br>1.Әткіншек тебу.<br>2. Тартылғышқа тартылу. | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. | | | | |
| **Балалардың дербес әректі** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Баяу қимылды ойын: «Кім жылдам?»**<br>**Шарты:**<br>Қиындылардан суреттерді құрастырып жапсырады. | **«Не жүреді және ұшады?»**<br>**Мақсаты:** Әртүрлі қимылдар жасауға машықтану, қимылдардың үйлесімділігін дамыту, зейін және есту анализаторларын, қол мен аяқ-қимылдарын дамыту. | **Саусақ жаттығу.**<br>Ұнды қолмен аламыз,<br>Бетіне тұз саламыз.<br>Жылы суды құйып ап,<br>Араластырып қоямыз. | **Ертегілер елінде**<br>Қандай ертегі тыңдағыларың келеді?<br>Қалаған ертегілерін оқып беру. | **Дид ойын: «Қандай жеміс?»**<br>Балалар бір –бірден келіп үстел үстіне төмен қарап жатқан жеміс суреттерінің біреуін алып, сол жемісті сипаптайды. Қалған балалар оның қандай жеміс екенін табады. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Тақпақ жаттау.**<br>Орманға біз барамыз<br>Ағаштарды аралап<br>Арыстан болып ақырып,<br>Тышқанша біз жүреміз.<br>Дарын мен Раяна | **Тіл ұстарту жаттығу**<br>Үз -үз –үз,<br>жаңбырлы күз.<br>Рақ –рақ-рақ,<br>Саулайды жапырақ.<br>**Медина,Шахиназ** | **Көркем сөз.**<br>Берекесін сыйлауға<br>Өлкемізге күз келді<br>Жемістерін жинауға<br>Шақырады біздерді.<br>Кәусар мен Асылым | **Тақпақ жаттау.**<br>Құстар қанат қағады,<br>Көкте самғап ұшады.<br>Барлық құстар бірігіп,<br>Шиқ –шиқ деп ән салады.<br>Дінмұхаммед пен Дилшат | **Жұмбақ айту.**<br>Айбарлы түсі бар,<br>Қанжардай сұсы бар.<br>Күжірейген жалды<br>Білсең айт бұл аңды?<br>Аяулым |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Апта бойы балалардың қандай іс әрекеттер жасағаны туралы айтып беру.<br>Үйде қысқы дайындықты жасау бойынша балалармен әңгімелесу, еңбек әрекетін ұйымдастыруды ұсыну. | | | | |